



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Бұл құқық елде жалпы білім беретін орта мектептердің, гимназиялардың және лицейлердің дамыған желісінің болуымен, орта білім алуға барлық тілек білдірушілерге оларға баруға қолжетімділігімен, білім берудің ғылым жетістіктеріне сәйкес келуімен, оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдарын қолданумен қамтамасыз етіледі.

Балаларды, оның ішінде ерекше осал санаттағы балаларды құқықтық қорғауға бағытталған бірқатар жаңа нормативтік құқықтық актілер әзірленіп, бекітілді. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмысын жалғастыруда, комиссияның 16 -ншы, 17 -інші отырыстары өткізілді, балалардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсынымдар әзірленді. Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын жоспарлы жүзеге асыру демографиялық дамудың позитивті жылжуына себеп болды. Халық саны ұлғаюда, жыл сайын балалардың туылуы өсуде. Денсаулық сақтаудың, білім берудің және мәдениеттің одан әрі дамуы балалардың жағдайын, олардың тіршілігін қамтамасыз ету бойынша отбасы мен мемлекеттің мүмкіндіктерін едәуір жақсартты. Денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылды, сырқаттанған балаларды емдеу ең үздік халықаралық стандарттар бойынша жүзеге асырылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
3. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі

ӘОЖ 340

АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУДАҒЫ ОРНЫ

Қуанышбек Айдын Шахмаранұлы

aidynr10@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің

Құқықтану мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - Ж.И. Ибрагимов

1917 жылдың соңына қарай ұйымдық тұрғыдан қалыптасқан Алаш партиясының жергілікті ұйымдары обл., уездік Қазақ к-тері, ал жергілікті сауатты, патриоттық ниеттегі зиялылар партияның активі, тірегі болды. А. п. күрделі 1917 ж. үш ірі мәселені шешуге үлкен үлес қосты. Біріншіден, партия мүшелері халық арасында, қазақ зиялылары ішінде ең алдымен шешілуге тиіс жалпыұлттық зәру мәселелерді талқылауға мұрындық болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдарға келуде басты рөл атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасында (“Қазақ”, 1917, №251) берілді. Екіншіден, партияның ұйтқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен екінші жалпықазақ съезін (1917, желтоқсан) даярлап өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда — Ұлттық Кеңес үкіметі келгені мәлім. Оның мүшелері түгелдей дерлік өздерін А. п-ның мүшесі санағандығы күмән тудырмайды. Үшіншіден, осы жылғы қарашада болып өткен Бүкілресейлік Құрылтайға депутаттар сайлауында барлық қазақ қайраткерлері А. п-ның атынан тіркелді және оның атынан депутат болып сайланды. Осы Құрылтайға депутаттар сайлау барысында барлық қазақ облыстарында А. п. ең көп дауыс алған партия болды. Объективті жағдай, күрделі де қатал өмір ағымы А. п-ның саяси күреске білек түріп араласып кеткен ірі саяси күшке айналуына мүмкіндік бермеді. Қым-қиғаш азамат соғысы тұсында ондай міндетті тек Алашорда үкіметі ғана атқара алатын еді.[1]

Рухани жұбанышымызға орай, «ағылшын экономикасы», «француз утопиясы», «неміс философиясы», «славян идеясы» іспетті ұлттың саналық рухани болмысын анықтайтын «Алаш идеясы» қазақ топырағында да аса күрделі жағдайда қалыптасты. Ұлттық азаттығың, рухани тәуелсіздігің, жерің-Отаның, тілің- күдіретің, тарихың-тағдырың, саяси бас бостандығың мен экономикалық дербестігің – Алаштың Азаттығында дейтін Ортақ ұлттық мүддені ұран еткен, оны жүзеге асырған Ұжданды Ұлдар туды.

XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты міндеттерді қойды. Басқа сөзбен айтқанда бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

Бірінші орыс революциясы дүмпуі Ресей империясының шет аймақтарында да ұлт-азаттық қозғалыстың өрши түсуіне әсер етті. Осы жылдары қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүдде арнасында іс-әрекеттерге көшіп, ұлттық бірлікті орнықтыруға, әрі тәуелсіздік жолында ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізінде діндес, бауырлас, тағдырлас елдер өкілдерімен бірлесе кіріскенді.

Олардың саяси көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына бірінші орыс революциясы белгілі дәрежеде ықпал жасады. Мәселен, 1903-1909 жылдары Петербургтегі әскери-медициналық академияда оқыған, кейін Алаш қозғалысының белгілі жетекшілерінің-бірі болған Халел Досмұхамедовтың саяси көзқарасының қалыптасуы мен саясат саласында белсене көріне бастауы оның осы Петербургте өмір сүрген кезеңіне дәл келді. Бұған Халел Досмұхамедовтың 1931 жылғы қыркүйектің 14-інде ОГПУ-дің тергеушісіне өз қолымен жазып берген мәлімдемесі дәлел бола алады. "Мен, — деп жазды өз мәлімдемесінде Халел Досмұхамедов, — Петербургке бірінші орыс революциясының қарсаңында келдім. Бұл кезде демократиялық күштер, оның ішінде студенттер қауымы да, жиі-жиі наразылық білдіріп жататын. Қым-қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар саяси білімімді жетілдіруге кірістім. Өртүрлі саяси партиялардың бағдарламаларымен таныстым... Мені және басқа қазақ студенттерін ешбір саяси партия бағдарламасы қанағаттандырмады. Социал-демократтар тек қана жұмысшылар туралы айтса, социал-революционерлер шаруалар жөнінде сөйлеп жататын. Кадеттер орыс халқының ұлылығы жөнінде сайрап, басқа халықтар туралы жұмған аузын ашпайтын, ал оңшылдар болса орыс емес халықтарды жамандап, оларды қудалаумен болатын. Сол кезде жолдастарыммен бірге митингіге кездейсоқ тап болғанымызда сонда сөйлеген Милюковтың айтқан сөздерін осы күнге дейін ұмытқан жоқпын. Ол "патша үкіметі орыс емес халықтарды аса дөрекілікпен және ұятсыздықпен қанап отыр" деп еді ...

1905-1906 жылдары мен кейбір қазақ студенттерімен бірге Орал қаласында үгіт жұмыстарын жүргізіп, халыққа елде болып жатқан оқиғаларды түсіндірдім. "Фикр" және "Уральский листок" газеттерінде мақалалар жарияладым. 1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де саяси жұмыс жүргізуіме тиым салынды.[2]

Бұл құжат қазақ интеллигенциясының алғашқы легінің Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейханов, Мұметжан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Жаһанша Досмұхамедов сияқты белгілі өкілдерінің көпшілігі ғасыр басындағы Россияда орын алған саяси хал-ахуалға сергектікпен әрі сын көзімен қарағандығын, ал содан кейін барып қандай саяси ұйымнан үлгі алу мәселесін шешкендігін көрсетеді.

Солардың алғашқы көрінісінің бірі 1905 жылдың соңында Орал қаласында өткен Ә.Бөкейханов, Жаһанша Сейдалинов, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов сияқты қазақ зиялылары өкілдерінің "бес облыстық делегаттар съезі" аталған бас қосуда жасаған "қазақ конституциялық- демократиялық" партиясын құру жөніндегі әрекеті болды. Бұл әрекет сол кезде Петербургте оқуда болған Халел Досмұхамедов тарапынан да қолдау тапты.

Демек, бірінші орыс революциясы жылдарында Ә.Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары өздерінің саясатқа араласқан алғашқы қадамдарында сол кезде патша үкіметіне оппозицияда болған кадеттер партиясын өздеріне белгілі дәрежеде үлгі тұтты.

Бұл пікірімізді Әлихан Бөкейхановтың 1910 жылғы жарияланған "Қырғыздар" (қазақтар — авт.) атты әйгілі мақаласындағы ой — тұжырымдары растай түседі.[№21,146]. Бұл мақала 1910 жылы Петербург қаласында А.И.Костелянскийдің редакциясымен жарық көрген "Формы национального движения в современных государствах" деген кітапқа енген болатын. "Қырғыз (қазақ — авт.) халқының арасында, — деп жазды Ә.Бөкейханов осы еңбегінде, — саяси партиялар әлі пайда бола қойған жоқ ... орыстандыру саясатының ауыртпалығын көтерген басқа шет аймақтардың халықтарындай, қырғыз халқы да үкіметке қарсы пікірде және орыстың оппозициялық партияларына көңіл қояды. Жақын болашақта қырғыздар арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Оның бірін ұлттық-діни бағыттағы деп атауға болар, ал оның мақсаты қырғыздарды басқа мұсылмандармен біріктіру болмақ. Екіншісі қырғыз келешегі кең мағынадағы батыс мәдениетін енгізуге байланысты деп есептейтін бағыт. Бірінші бағыт мұсылман — татар партияларын үлгі тұтар, екіншісі — оппозициядағы орыс партияларын, атап айтқанда, халық бостандығы партия-сын үлгі етпек". Осы үзіндіден анық көрініп тұрғанындай, XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Ә.Бөкейханов пен оның пікірлестері қазақтың ұлттық саяси партиясын әуел баста патша үкіметіне оппозицияда болған либералдық орыс буржуазиясының өздерін халық бостандығы партиясы деп анықтаған конституциялық демократтардың (кадеттердің) үлгісінде құруға бейім тұрғандығын аңғару қиын емес.[3]

Европа мәдениетін және оның озық ойлы саяси-құқықтық ой-пікірлерін Ресей университеттерінде білім алу арқылы меңгерген қазақ зиялылары Ресейдің оппозициялық партиялардың ықпалы арқылы парламенттік, өкілетті демократиялық тетіктермен танысып, қоғамды реформаторлық, эволюциялық даму жолымен жетілдіруді қабылдағандарға бір табан болса да жақын болды. 1905 жылдың күзінде Ақмола облысының орталығы Омбы қаласындағы митингтен кейін Ж.Ақбаев Павлодар — Қарқаралы бағыты бойынша үгіт жүргізу сапарына шықты. Осы сапар барысында ол 1905 жылы қарашаның 7-сінде Павлодарда болған қалалық митингіде бостандық идеясын уағыздаған және жергілікті әкімшілікті қайта сайлауды талап еткен сөз сөйледі, осы мазмұнды сөздерді ол қарашаның 11-інде Баянауылда, 14-інде Қарқаралыда көп адам қатынасқан жиналыстарда да айтты. Қарқаралыдағы митинг 14,5 мың адам қол қойған Россия министрлер кеңесінің төрағасы С.Ю.Виттенің атына жолданған петиция (арыз-тілек, арыз-талапты) Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев сияқты ұлттық-либералдық қазақ зиялылары дайындағаны айдан анық. Петицияда патшаның 1905 жылы қазанның 17-сінде жарияланған Манифесінде халыққа берген уәдесердің орындалуы, ал қазақ өлкесі жағдайында жер мәселесінің әділ шешілуі, халықтың өшпінділігін тудырған патшаның жергілікті озбыр чиновниктерінің аластатылуы қазақ тілінде ұлттық басылым-дар шығару, т.с.с. талап етілді. Осы петиция туралы және оны дайындап, көптеген адамдарға қолдатудағы Ахмет Байтұрсыновтың ерекше еңбегін жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов 1923 жылы жазған "Аханның елу жылдық тойы" деген мақаласында былай деп баса керсетті: "1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хүкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілск) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші — жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші — қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші — отаршылардан орыс қылмық саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық- мұсылман жұртының қосылуында қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ақандар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған".

Б.Нәсенов пен А.Исиннің «1905 жылғы Қарқаралы петициясына және патшаға жіберілген телеграммаға қол қойған қайраткерлер» мақаласы Орталық мемлекеттік мұрағатынан алынған және тың деректер береді¹⁵. [№22,26-296] Құжаттар топтамасы «Дело об агитации среди киргиз Каркаралинского и Павлодарского уездов о посылке в Петербург депутации для представления от киргизского народа петиции царю» деп аталады. Петицияға қол қойған қайраткерлер: Павлодар уезі Атағазы болысының қазағы Омархан молда Мүсәпіров, Семей уезі Сейтен болысынан Темірғали Нұрекенов және Қарқаралы уезі едірей болысынан Апық

Жолшарин.1905 жылдың 21 шілдесінде Қарқаралы уезінің бастығы халық өкілдігіне (Мемлекеттік Дума) уезд қазақтарынан Ә.Бөкейханов пен Ж.Ақбаев сенім өкілдері ретінде белгіленгендігі туралы хабарлайды.[4]

1905-1907 жылдар Қазақстанның саяси өмірі мен ұлттық интеллигенциянын тарихында І және ІІ мемлекеттік Думаға сайлауға дайындық пен оны өткізуге байланысты оқиғалар ерскшеленді. Бұл науқандарға ұлттық интеллигенцияның белгілі өкілдері белсенді түрде араласты.Бұл тақырып көптеген ғалымдарымыз зерттеп, өздерінің үлкенді-кіші еңбектер жазды.Солардың ішінде Ғ.Ахмедовтың таңдамалы шығармасы осы тақырып бойынша жазылған деректер болып отыр.

І Мемлекеттік Думаға Семей облысынан депутаттыққа түскен Ә.Бөкейханов көптеген кедергілерді және отырып, депутат болып сайланды. Алайда Ә.Бөкейханов небәрі бірнеше ай ғана І Мемлекеттік Думаның депутаты болды, тіпті ол оның бірде-бір мәжілісіне қатынасып та үлгерген жоқ. Өйткені ол І Дума өз жұмысын бастаған кезде Омбы генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен үш айлық мерзімге Павлодар абақтысына отырғызылған болатын.

Өз жұмысын 1906 жылы сәуірдің 27-сінде бастаған І Мемлекеттік Думаны Николай ІІ патшаның тікелей нұсқауымен елдің ішкі істер министрі П.Столыпин шілденің 9-нда күштеп таратып жіберді. Ә.Бөкейханов Петербургке Дума таратылғаннан соң жеткен еді. Патшаның осы әділетсіз жарлығымен келіспеген мемлекеттік Думаның либералдық, және социалистік ағымды жақтайтын депутаттарымен бірге Ә.Бөкейханов Финляндияның Выборг қаласына келіп, онда "Выборг манифесі" аталған наразылық, үндуіне қол қояды. Онда патша жарлығына наразылық ретінде халық жеңіл түрдегі қарсылық жасауға: салық төлемеуге, әскер қатарына адам бермеуге, т.с.с. шақырылды. Полиция осы үндеуге қол қоюшыларды, олардың қатарында Әлихан Бөкейхановты да тұтқындады.

Екінші Мемлекеттік Дума депутаттары қатарында Ақмола облысынан Ш.Қосшығұлов, Орал облысынан Б.Қаратаев, Торғай облысынан А.Бірімжанов, Жетісу облысынан — М.Тынышбаев, Семей облысынан — Норақенов те болды.

ІІ Мемлекеттік Думаның аз-ақ уақыт (1907 жылғы ақпанның 20-сынан маусымның 2-сіне дейін) жұмыс істегеніне қарамастан, оның қазақ депутаттары Россия парламентін өлкедегі жағдайдың шындығын жеткізуде мүмкін болғанның бәрін істеді. Осыған орай Бақытжан Қаратаевтың ІІ Мемлекеттік Думаның 1907 жылы мамырдың 16-сында өткен мәжілісінде сөйлеген сөзін ерекше атау керек. Өзіне берілген 10 минут ішінде столыпиндік аграрлық реформаны, оның негізгі бағыттарының бірі — Орталық Россиядан Қазақстанның далалық облыстарына орыс шаруаларын жаппай көшіру ісін әшкерелеп, мұны Қазақстан мен Орта Азияны отарлауды күшейтетін және жергілікті халықтарды тонауды шырқау шегіне жеткізетін мемлекеттік саясат ретінде айыптады.[5]

Б.Қаратаев өз сөзінде қазақ депутаттарының орыс шаруаларының "... жерге мұқтаждықтарын жақсы түсініп, сезетіндерін" айта келіп, Қазақстанда қоныстанушыларға "ығысып бере қоятын" "басы артық" жердің өте аз екендігін ескертті. Сонымен қатар ол "қоныстандыру қазіргі кездес қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен қат-қабат жүргізіліп жатқанын ... қырғыздарды жерінен емес, олардың тұрғын үйінен көшіріп жатыр" деп мәлімдеді. Б.Қаратаев патша үкіметінің осы саясатының нәтижесінде қазақтар өз ата қонысынан жаппай айырылып, өз жерінде босқындарға айналып отырғандығын ашық қанады. Сондықтан да деді ол Мемлекеттік Думадағы қазақ өкілдері үкіметке оппозициядағы фракциялардың бәріне іш тартып отырды.

«Қазақ» газеті 1916 жылы шілденің 6-сындағы санында патшаның жарлығы — ақиқат, сондықтан оған қарсы тұруға болмайды, деп жазса, сол жылғы тамыздың 11-індегі санында Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың және М.Дулатовтың атынан халықты ешбір қарсылықсыз патша жарлығын орындауға шақырды, ал бұлай етпеген жағдайда үкімет органдары елге жазалаушы жасақтарын шығарып, қантөгіске дейін баруы мүмкін деп сақтандырды. "Қазақ" газетінің 1916 жылғы 192-ші санында осы үш қайраткер "Алаштың азаматы" деген мақала-хаттарында: "... қазақ қарсылық қылса, елге отряд шығады, отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады", — дей келіп, қантөгіс болдырмау үшін

халықты патша жарлығын орындауға шақырды. Осы газеттің 1916 жылы 207-санында "Торғай һәм Ырғыз уезінің халқына" арналған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейітәзім Қадырбаев және Мұхамедияр Тұңғашин қол қойған үндеу мақала жарияланды. Онда атап айтқанда былай делінді: "... біздің Торғай һәм Ырғыз уездерінен қазанның 15-інен бастап кісі алынбақшы еді, жастар келмеді. Сондықтан елге неше мың әскер зеңбірек шығып тұр ... көнбесендер Жетісу, Жизактың күні сендердің де бастарыңа туады. Қырғын болады, босқа кан төгіледі, шаруа күйзеледі ... Қатын-бала бір қырылады, жігіт екі алынады... Бұл хатты жазушы біздер — өз балаларың, тумаларың. Бұл Кеңес осыған дейін айтылып жүргендей патша жарлығы шығысымен "қазақтың буржуазияшыл ұлтшылдарының лидерлері ... өкімет органдарына көмек көрсету" үшін шақырылған жоқ, керісінше, мүмкіндік болғанша қазақ, жігіттерін майдан жұмыстарына жіберуді кешеуілдетудің жолдарын іздестіруге, ал майдан жұмысына алынғандар мен олардың отбастарына мемлекет тарапынан жеңілдіктер жасау мүмкіндіктерін қарастыруға арналды.[6]

Бұған архив қорларында сақталған және бірнеше рет жарияланған жоғарыда айтылған Қазақстанның бес облыс өкілдері мәжілісінің 1916 жылғы тамыздың 7-сінде жазылған хаттамасы дәлел бола алады.

Патшалық үкіметке тапсырылған осы құжатқа мәжілістің төрағасы Ә.Бөкейханов және оның хатшылары О.Алмасов пен М.Дулатов қол қойған.

Осы құжатқа байыппен баға берсек, кейінірек (1917, жылғы шілдесі) "Алаш" партиясын құрып, Алашорда үкіметін ұйымдастырған (1917 жылғы желтоқсанда) қазақтың көрнекті зиялылары патшаның маусымның 25-дегі жарлығын сөз жүзінде қолдап, ал іс жүзінде оған қарсы болғандықтарын аңғару қиын емес.

Осының бәрін керіп, біле отырып, ең бастысы халықтың дәрменсіздігін, қарусыздығын ескере отырып, біз қазақ халқын өкіметке қарсылық керсетпеуге шақырдық. Өйтпеген жағдайда қазақ даласы қанға бөгер еді деп санадық. Қазіргі кезде кейбір жолдастар ... сол кезде қазақ интеллигенциясы көтерілісті басқара алмады ... патша үкіметінің соңынан ерді, онымен бірге әрекет жасады деген сияқты пікірлер айтады. Менің ойымша сол кездегі жағдаймен жақсы таныс адам осылай айтпаған болар еді.

Қазақ еңбекшілерінің 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылғы ақпанда жеңіске жеткен буржуазияшыл-демократиялық революцияға ұштасты.

1917 жылы ақпанның 27-сінде басталған Петроградтың солдаттары мен жұмысшыларының стихиялық көтерілісі нәтижесінде монархия құлатылып, елде республикалық тәртіптің орнатылуы бүкіл елдегі, оның ішінде Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Қазақ зиялыларының ұлттық интеллигенция өкілдерінің жаңа өмір құру ісіне белсенді түрде араласа бастауы елдің жоғарғы басшылығы тарапынан қолдау тапты. Уақытша үкімет жанадан құрылып жатқан қазақ комитеттерін өлкедегі өзінің аса маңызды тіректерінің бірі деп есептеді. Уақытша үкімет құрыла салысымен Әлихан Бөкейханов 1917 жылы наурыздың 3-інде оның Торғай облысындағы комиссары болып тағайындалды. Сонымен қатар ол сәуірдің 7-сінде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі болып бекітілді. Мұхаметжан Тынышбаев та үлкен қызметке тағайындалып, Түркістан комитетінің құрамына енгізілді. Мұндай жағдай ұзаққа созылған жоқ. Көп кешікпей жер-жерлерде буржуазияшыл уақытша үкіметтің органдары құрула бастады. Бұлармен қатар ақпан төңкерісінің барысында жұмысшылар мен солдаттар өздерінің тікелей революциялық өкімет органдары болып табылған Советтер жүйесін ұйымдастырды.

Уақытша үкімет империяның Қазақстан сияқты отарлы аймақтарында кадеттерден, эсерлерден және өзінің саяси бағытын жүзеге асыруға сенімді деп табылған қазақтың ұлттық-либералдық интеллигенциясының жекелеген өкілдерінен өз комиссарларын тағайындады. Мәселен, 1917 жылғы сәуірдің 7-сінде кадет Н.Щепкин басқарған құрамында М.Тынышбаев, Ә.Бөкейханов бар Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті құрылды. Көп кешікпей Ә.Бөкейханов Семей облысындағы, ал халықшыл социалист О.Шкапский мен М.Тынышбаев Жетісу—облысындағы Уақытша үкіметтік комиссарлары болып тағайындалды. М.Шоқаев, А.Бірімжанов, А.Кенесарин сияқты қазақ зиялыларының өкілдері де Түркістан өлкесі мен

Торғай өңіріндегі Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жауапты қызметтер атқарды. Облыс, уезд орталықтарында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары-атқару комитеттер, коалициялық комитеттер, азаматтық комитеттер жүйесі қалыптасты.

Ақпан революциясы жеңіске жетісімен Ә.Бөкейханов бастап қазақ зиялыларының 15 өкілі "Қазақтарға, жаңарған Россияның ерікті азаматтарына" арналған мәлімдеме жариялады. Онда атап айтқанда былай делінді: "... Россияның барлық халықтары үшін бостандықтың, теңдіктің және туысқандықтың күні туды. Жаңа қоғам мен жаңа үкіметті қолдау үшін қазақтар ұйымдасуы керек. Жаңа қоғамды қолдайтын барлық ұлттармен байланыса жұмыс істеу қажет.

Қазақтар Құрылтай жиналысына дайындалып, лайықты кандидаттарды белгілеуі керек. Біз сіздерді ескі казакшыл айтыстар мен отбасының ұрыс-керісін тастауға шақырамыз, халықтың ұраны-бірлік пен әділеттілік.

Жер мәселесін тез арада талқылаңыздар. Біздің ұранымыз: демократиялық республиканы жәнс жерді одан мал шаруашылығы мен егіншілік арқылы табыс алатындарға беру. Құдайдан басқадан қорықпаңыздар ... Әділет жолымен жүріп, жаңа үкіметті қолдаңыздар. Министірліктің азық-түлік ісі жөніндегі өкілдері мен майдандағы өзіміздің жұмысшыларға көмек көрсетушіз керек. Халықтың пікірін жеткізіңіздер..."

Үндеу авторларының біразы көп кешікпей Петроградқа келіп, онда Мемлекеттік Думаның мүшесі И.А.Ахтянов шақырған мұсылмандар мәжілісіне қатынасты. Мәжілісте Қазақстаннан Н.Құрбанғалиев, Ә.Бөкейханов, А.Кенжин, Ж.Сейдалин, М.Дулатов және М.Бозтаев болды. Пікір алыса келіп, мәжіліске қатынасушылар Россия мұсылмандарының іс-әрекеттерін үйлестіру органы — Орталық мұсылман бюросын құру және бүкілроссиялық мұсылмандар съезін шақыру қажет деп тапты.[7]

Қосөкіметтілік өзінің дүниеге келуі арқылы ақпан төңкерісінің ішкі қайшылықтарын бейнеледі, елдің қоғамдық-саяси өмірінің тұрақсыз екендігін көрсетті. Мұндай жағдай ұзаққа бармайтын еді: ерте ме, кеш пе, қосөкіметтілік жойылып, барлық билік империалистік буржуазия мен оның одақтастарының мүддесін қорғайтын Уақытша үкіметтің немесе әлеуметтік жәнс ұлттық езгінің ауыртпалығын көтерген халықтың басым көпшілігі болған жұмысшылар мен шаруалардың революцияшыл-демократиялық өкімет органы болған кеңестердің қолына кешуге тиіс еді.

Жалпы алғанда осы съездер шешімдері Уақытша үкіметтің сыртқы және ішкі саясатын қолдағанына қарамастан, оларда бүкілхалықтық ұлттық мүддеге сай келетін талаптар да аз болған жоқ. Ол талап-тілектер атап айтқанда ең алдымен жер-су (аграрлық), ұлттық теңдік, ұлттық мемлекеттік, оқу-ағарту мәселелеріне тікелей қатынасты болды. 1917 жылы мамырдың 1-інен 11-іне дейінгі аралықта Москва қаласында өткен Бүкілроссиялық мұсылмандар съезі империяны мекендеген мұсылман халықтарына ортақ көптеген проблемаларды қарастырды. Съезге жиналған 800-ге жуық делегаттар маңызды мәселелердің төмндегі үлкен тобын талқылады: мұсылмандарға үндеу, мұсылмандардың орталық органы туралы; Россияның мемлекеттік құрылысы, аграрлық; әйел және жұмысшы мәселелері; Құрылтай жиналысы сайлауына дайындық; әскери мәселе; діни мәселе; оқу-ағарту; жергілікті басқару; соғысқа көзқарас; Россиялық мұсылмандардың Орталық бюросы туралы. [8]

Мұсылмандар съезі облыстық қазақ съездерінің дін мәселесі туралы қабылдаған шешімдерін жақтады.

Съезд мұсылмандық Кеңес құрды, ол өзінің құрамынан атқару комитетін сайлады. Атқару комитетке мүше болғандардың қатарында Жаһанша Досмұхамедов, Уәлихан Танашев, Жақып Ақпаев және Көлбай Тоғысов болды.

Аты аңызға айналған барлық түркі халықтарының атасы-«Алаш» атын алған партия — қазақ даласындағы алғашқы дербес партия болды. Бұл партия саясаттанушы Ғ.Телебаевтың «Алаш партиясы- Қазақстандағы алғашқы либералдық партия» деген мақаласында «либералдық көзқарасты жақтайтын ұлт зиялыларынан құрылды және идеялық қағидасы жағынан Ресей кадеттер партиясына (конституциялық демократар) жақын болды» көрсетілген.

1917 жылдың жазына қарай қазақтың либералдық-демократиялық қозғалысы жетекшілерінің Уақытша үкіметке деген сенімі әлсіреді. Өйткені Уақытша үкімет Қазақстанда

түбірлі әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша іс жүзінде құлатылған патша үкіметінің саясатын жүргізумен болды. Осыдан кейін Уақытша үкіметтегі шешуші позицияға ие болып отырған кадеттерге деген Ә.Бөкейхановтың көзқарасы күрт езгерді. Мұны Ә.Бөкейханов кейінірек "Қазақ" газетінің 1917 жылғы 23 желтоқсандағы 256-санында жарияланған "Мен кадет партиясынан неге шықтым?" деген ашық хатында (хат "Сарыарқа" газетінің 1918 жылғы 25 қаңтарындағы № 29 санында көшіріліп басылды) жан-жақты негіздеді. Осы "сұраққа Ә.Бөкейханов негізгі үш мәселеге оқырмандардың назарын аударған: "кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе жөн" дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сытырылып, жалаңаш шыға келеді. "

Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиналып, ұлт автономиясын тікпек болдық.

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді, молда хүкіметтен ақша алса, сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болмақ. Жалование алған молдалар хүкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді. Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, хүкімет ісінен бөліп қойған оң бола-ды. Мұны орысша "отделение церкви от государства" дейді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды.

Осы үш жол айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға кірістім. Мен мұны июлдегі жалпы қазақ съезінде айтқан едім".[9]

Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бөкей ордасынан, сонымен қатар Ферғана облысының қазақтар мекендеген аудандарының өкілдері қатынасты. Съезге қатынасушылар саны аса көп болмағанына қарамастан (20-дан аса адам), оның күн тәртібіне сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Бұл мәселелердің басым көпшілігі 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын ала талқыланған болатын және олардың ең маңыздылары болып саналғандары жалпықазақтық құрылтайға ұсынылар еді. Олар мыналар: " 1) Мемлекет билеу түрі. 2) Қазақ облыстарында авто-номия. 3) Жер мәселесі. 4) Халық милициясы. 5) Земство. 6) Оқу мәселесі. 7) Сот мәселесі. 8) Дін мәселесі. 9) Әйел мәселесі. 10) Учредительное собрание сайлануына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар. 11) Бүкіл Россия мұсылмандарының кеңесі (Шура и ислам). 12) Қазақ саяси партиясы. 13) Жетісу облысынан Петерградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу. Халел Досмұхамбетовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсыновтың, Әлмұхамбет Көтібаровтың, Міржақып Дулатовтың және Асылбек Сейітовтың хатшылығымен өткен бірінші жалпықазақтық съезд делегаттары осы 14 мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұртбай Т. Алаш идеясы және Ораз Жандосов. Саясат. 1999.
2. Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 1995.
3. Актюбинский обл. гос. архив д-681 опись-1 дело-4.
4. Сайлаубай Е. Семейдегі Алашорда үкіметінің құжаттары мен іс-қағаздары. //Абай. 1999. №36
5. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Алаш, 2005. Т-2.4966
6. [http://www.egemen.kz/? act. Ж.Самрат. «Қазақтың мемлекеттік думаға сайлануы»,
<http://www.egemen.kz/fiie freent kz\ gazag tarih 8html> Қойгелдиев М. «Тарих ғылымы Мемлекеттік Думада қызмет еткен қазақ зиялыларының еңбегін талдап, терең зерделеуі керек».](http://www.egemen.kz/?act=Ж.Самрат.«Қазақтың мемлекеттік думаға сайлануы»,http://www.egemen.kz/fiie%20freent%20kz%20gazag%20tarih%208html)
7. Қойгелдиев М. Алашты бұғаудан қашан босатамыз?.
8. Байтұрсынов А. Революция и киргизы. //Жизнь национальностей. 1919. 3 августа, №29.
9. С.Сейфуллин. Қазақ интеллигенциясы. // Жизнь национальностей. 1920.25 қараша, №10.